Медициналық бұйымды қолдану жөніндегі нұсқаулық

Медициналық бұйымның атауы
ФИТОСПРЕЙ ауыз қуысының шырышты қабығына арналған спрей

Құрамы: шырғанақ майы, қырмызыгүл майы, бергамот майы, бета-каротин (30% суспензия), күнбағыс майы.

Сипаттамасы: қызыл-қызғылт сарыдан сары-қоңырға дейін бергамот иісі бар майлы сұйықтық.
Фитоспрей-құрамында табиғи майлар бар құрал. Қолданған кезде ауыз қуысы мен тамақтың шырышты қабығын жабады. Шырышты ылғалды және серпімді ұстайды, жайсыздық пен тамақ ауруын азайтады, жұту процесін жеңілдетеді.

Осыған сәйкес медициналық бұйым өндірілген нормативтік құжаттың атауы (белгіленуі)
ТШ BY 300228365.159-2019

Қолданылу саласы
Оториноларингология.

Тағайындалуы
2 жастан бастап балаларға және ересектерге.
Құрал ауыз қуысы мен тамаққа күтім жасау үшін, шырышты қабықтың тітіркенуін азайту үшін немесе қабыну жағдайында қолданылады.
Фитоспрей бүріккіш құрылғысының пішіні құралдың шырышты қабыққа біркелкі түсуін және дәл дозасын қамтамасыз етеді, өз кезегінде май негізі шырышты қабықты жауып, жаңа инфекциялардың енуіне жол бермейді.

Қолдану тәсілі:
1. Бөтелкені қолыңызға алыңыз және шайқаңыз.
2. Бүріккіштің қақпағын шешіп алыңыз.
3. Бүріккіші бар бөтелкені өзіңізге қарай бағыттаңыз.
4. Бүріккіштің ұштығын сағат тіліне қарсы 90 градус бұрышпен бұраңыз.
5. Бүріккішті аузыңызға салыңыз.
6. Фитоспрейді ауыз қуысына шашыратыңыз, бүріккіш қақпағын 4-6 рет басыңыз. Бөтелкені тік ұстаңыз! Бүріккіш қақпағын басқан кезде шамамен 100 мг құрал бір рет шашыратылады.
7. Қолданғаннан кейін бүріккіштің ұштығын қағаз сүрткімен сүртіңіз және бүріккіштің ұштығын бастапқы орнына бұраңыз. Бүріккішке қақпақты салыңыз.

Құрал бір пайдаланушыға қолдануға арналған.

Күніне 3 рет қолданыңыз. Ауыз қуысы мен жұтқыншақтың шырышты қабығын жабатын қабатты қалпына келтіру үшін құралды тамақ ішкеннен немесе су ішкеннен кейін қайта шашыратқан жөн.
Құрал аурудың симптомдары жойылғанға дейін қолданылады. Егер осы құралды бір апта қолданғаннан кейін симптомдар (жайсыздық сезімі, тамақ ауруы) сақталса, дәрігермен кеңесу керек.
2 жастан бастап балаларға, 6 жасқа дейінгі балаларға ата-аналарының бақылауымен қолдануға болады.
Маңызды: Ашылған құтыны 3 ай өткеннен кейін қолдануға болмайды.
Назар аударыңыз! Киімге тиген кезде дақтар пайда болуы мүмкін.

Сақтық шаралары:
Өнімнің кез-келген компонентіне жоғары сезімталдық (аллергия) кезінде қолдануға болмайды.
Егер құрал көзге кездейсоқ тиіп кетсе, көзді дереу ағынды сумен жуып, дәрігермен кеңесіңіз.

Қаптама: Қолдану жөніндегі нұсқаулығы бар картон қорапшада спрейге арналған бүріккіш - қондырмасы бар пластик құтыларға 30 мл-ден.

Сақтау шарттары: Құрғақ, жарықтан қорғалған жерде, тығыз жабық түпнұсқа қаптамада, бөлме температурасында 25 °С-ден аспайтын жерде сақтаңыз. *Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз!*

Жарамдылық мерзімі: 2 жыл.

Өндірушінің атауы, заңды, (нақты) мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электрондық пошта):
«Рубикон» ЖШҚ, БР, 210002, Витебск қ., М. Горький көш., 62Б,
тел.: +375 (212) 36-47-77; тел./факс: +375 (212) 36-37-06,
www.rubikon.by, e-mail: secretar@rubikon.by

Өндірушінің Қазақстан Республикасының аумағындағы уәкілетті өкілінің атауы, заңды, (нақты) мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электрондық пошта):
«Рубикон» ЖШҚ Қазақстан Республикасындағы өкілдігі
Қазақстан, Алматы қ., Гоголь көш., 84 үй, А корп., 316 кеңсе, пошта индексі 050000
Тел: +77079404917
Email: vrach-pharm@rambler.ru

Қазақстан Республикасының аумағында тұтынушылардан медициналық бұйым бойынша шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын ұйымның атауы және байланыс деректері (телефон, факс, электрондық пошта):

«Рубикон» ЖШҚ Қазақстан Республикасындағы өкілдігі
Қазақстан, Алматы қ., Гоголь көш., 84 үй, А корп., 316 кеңсе, пошта индексі 050000
Тел: +77079404917
Email: vrach-pharm@rambler.ru

Медицинада қолдану жөніндегі нұсқаулықтың соңғы қайта қаралуы

XX.XX.XXXX